

МРНТИ :15.41.49

10.51889/2959-5967.2024.81.4.008

Н.М. Садыкова¹, Ф.С. Ибраим¹, Э.Т. Адилова¹

¹Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық ерекшеліктері зерттелді. Ата-анасының біреуінің болмауы балалардың эмоционалды және әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер етеді. Қазақстанда статистикалық деректер бойынша соңғы жылдары толық емес отбасылар саны 476 мыңды құраған. Мұндағы басты себеп – ажырасу. Мақалада осындай отбасыларда кездесетін типтік мәселелер, соның ішінде баладағы пайда болатын психологиялық жарақаттар талданды. Психологиялық жарақаттардың пайда болу себептері анықталды. Біз толық емес отбасыда тәрбиеленіп жатқан балалар мен ата-аналардан сауалнама алдық. Сауалнама Аченбахтың балалардың мінез-құлқы шкаласы (CBCL) негізінде жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде 100 баланың 17-де психологиялық жарақаттар бар екені анықталды. 17-нің баланың 13-нің психологиялық жарақаты толық емес отбасымен тікелей байланысты болса, 4-де әртүрлі себептерге байланысты туындаған. Мақаланың мақсаты – толық емес отбасындағы балалардың тәрбиеленуінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, сонымен қатар ата-аналардың біреуінің болмауы баланың дамуына қалай әсер ететінін талдау.

Түйін сөздер: балалар, факторлар, толық емес отбасы, психологиялық ерекшелік, психологиялық жарақат.

Садыкова Н.М.¹, Ибраим Ф.С.¹, Адилова Э.Т.¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ В НЕПОЛНОЙ СЕМЬЕ: ВЛИЯНИЕ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА

Аннотация

В статье исследованы психологические особенности детей, воспитывающихся в неполной семье. Отсутствие одного из родителей оказывает значительное влияние на эмоциональное и социальное развитие детей. В Казахстане, по статистическим данным, число неполных семей за последние годы составило 476 тыс. Основная причина здесь-развод. В статье проанализированы типичные проблемы, возникающие в таких семьях, в том числе возникающие психологические травмы у ребенка. Выявлены причины возникновения психологических травм. Мы опросили детей и родителей, воспитывающихся в неполных семьях. Опрос проводился на основе шкалы поведения детей Аченбаха (CBCL). Опрос показал, что 17 из 100 детей имели психологические травмы. 17 психологическая травма ребенка 13 напрямую связана с неполной семьей, 4-по разным причинам. Цель статьи-изучить психологические особенности воспитания детей в неполной семье, а также проанализировать, как отсутствие одного из родителей влияет на развитие ребенка.

Ключевые слова: дети, факторы, неполная семья, психологическая специфика, психологическая травма.

Sadykova N.¹, Ibraim F.,¹ Adilova E¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PARENTING IN A SINGLE-PARENT FAMILY: INFLUENCE ON THE PSYCHOLOGICAL DEVELOPMENT OF THE CHILD

Abstract

The article examines the psychological characteristics of children raised in a single-parent family. The absence of one parent has a significant impact on the emotional and social development of children. In Kazakhstan, according to statistics, the number of single-parent families in recent years has amounted to 476 thousand. The main reason here is divorce. The article analyzes typical problems that arise in such families, including emerging psychological traumas in a child. The causes of psychological trauma have been identified. We interviewed children and parents raised in single-parent families. The survey was conducted on the basis of the Achenbach Child Behavior Scale (CBCL). The survey showed that 17 out of 100 children had psychological trauma. 17 psychological trauma of a child 13 is directly related to a single-parent family, 4-for various reasons. The purpose of the article is to study the psychological features of raising children in a single-parent family, as well as to analyze how the absence of one of the parents affects the development of a child.

Keywords: children, factors, incomplete family, psychological specificity, psychological trauma.

КІРІСПЕ. Отбасы – қоғамның жасушасы. Бұл тұлғалық құндылықтардың, қоғам мен ұлт алдындағы міндеттер және жауапкершіліктің, қарым-қатынастардың, сүйіспеншіліктің, адамгершіліктің, мінез-құлықтардың жиынтығы [1]. Отбасы маңызды әлеуметтік институт ретінде қоғамның тұрақтылығын сақтауда шешуші рөл атқарады және әртүрлі маңызды функцияларды орындайды: репродуктивті, тәрбиелік, экономикалық, тұрмыстық және рекреациялық. Мұндағы тәрбиелік және репродуктивті функциялар аса маңызды, себебі олар жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізін қалайды. Тәрбиелік функциясының нәтижесінде отбасы жас ұрпақты белгілі бір қоғам жағдайында тәуелсіз өмір сүруге дайындайды. Отбасында бала өзінің мәртебесін алады, жақындарымен қарым-қатынас орнатады, дүниетанымын қалыптастырады, мінез-құлық нормаларын игереді. Бұл процессте отбасы оған моральдық-этикалық мұраттар, құндылықтар мен сенімдердің қалыптасуына ықпал етеді, Ата-ананың отбасылық қатынастарға толық қатысуы баланың әлемге деген сенімін, өзін-өзі бағалауын, жеке стандарттарын және өзінің маңыздылығын сезінуіне мүмкіндік береді [2]. Сонымен қатар, отбасы психологиялық қорғаныс пен қолдау көрсете отырып, мүшелерінің жеке дамуына және өзара эмоционалды толығуына ықпал ететін рухани қарым-қатынас кеңістігі ретінде қызмет етеді. Сондықтан, отбасының толықтығы маңызды фактор саналады.

Толық емес отбасында балаларды тәрбиелеу – бұл ата-аналардан айтарлықтай күш пен белгілі бір психологиялық икемділікті талап ететін күрделі процесс. Отбасының құрылысы баланың психологиялық және эмоционалды дамуына айтарлықтай үлкен әсерін тигізеді. Ата-аналардың бірі болмаған жағдайда, баланың қоғамға бейімлеуінде, әлемді қабылдауы мен отбасылық құндылықтарды түсінуінде қосымша қиындықтар туындауы мүмкін. Толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың өзін-өзі бағалауына, мінез-құлқына және тұлғааралық қатынастарға көзқарасына әсер етуі мүмкін ерекше психологиялық қиындықтарға тап болатынын түсіну маңызды [3].

Соңғы кездері Қазақстанда толық емес отбасылар санының айтарлықтай артуы байқалады, бұл әлеуметтік шындықтың маңызды аспектісін білдіреді. 2022 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстанда 476 мың толық емес отбасында 18 жасқа толмаған балалар тәрбиеленуде [4]. Бұл статистикалық дерек көрсеткіштері толық емес отбасындағы балалардың

психологиялық даму ерекшеліктерін терең зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Отбасындағы ата-аналардың біреуінің болмауы баланың әлеуметтік, когнитивті және эмоционалды дамуына жан-жақты әсер етуі мүмкін. Бұл ата-аналардың да психология мен педагогика мамандарының назарын қажет ететін нақты қиындықтарды тудырады.

«Толық емес отбасы» ұғымы бір ғана ата-анасы және 18 жасқа толмаған балалары бар отбасын білдіреді [5]. Толық емес отбасылар әртүрлі себептерге байланысты пайда болады. Атап айтқанда, ата-анасының біреуінің қайтыс болуы, некені бұзу немесе ата-анасының бөлек тұруы, некесіз баланың туылуы және т.б. Аталған себептерге байланысты толық емес отбасылар бірнеше топтарға жіктеледі: жетім, ажырасқан, некесіз. Толық емес отбасылар арасында бір ғана әке немесе ана тәрбиелейтін отбасылар болады. Көптеген зерттеушілер (Х.Миллер, С.Барон) толық емес отбасылар ұзақ мерзімді немес қысқа мерзімді деп екі топқа топтастырады [6]. Ұзақ мерзімдіге ата-аналардың біреуінің өлуі немесе ажырасулар, ал қысқа мерзімдіге біреуінің іссапарларға кетуі, бас бостандығынан айырылуы немесе ауруханаға түсуі жатқызылады. С. Баронның айтуынша, аталған жіктеулер толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық әл-ауқатын зерттеу үшін аса маңызды.

Толық емес отбасындағы мәселелер балаларды тәрбиелеудің бірқатар ерекшеліктеріне байланысты маңызды саналады. Атап айтқанда, отбасында балаларға жеткіліксіз көңіл бөлу, тәрбиелік әсердің біржақтылығы, ата-аналық сезімдердің теңгерімсіздігі, баланың санасында өзін басқалардан төмен санау туралы ойдың туындауы және т.б. Т.А. Насурова мен Т.В.Ибрагимованың пікірінше, отбасында әкенің болмауы ұл балалардың мінез-құлқының бұрмалануына әкелуі мүмкін [7].

Қазіргі уақытта толық емес отбасылардың пайда болуының ең жиі кездесетін себептерінің бірі – ажырасу. В.А.Сысенконың айтуынша, ажырасу – бір немесе екі серіктерстің балалардың психикалық тепе-теңдігіне қауіп төндіруінің стресстік жағдайы [8]. Отбасындағы ажырасу жағдайлары балалық психикалық денсаулығына үлкен зиян келтіреді. Қыздар 2-5 жас, ұлдар 7-12 жас аралығында ажырасуды қатты сезінеді. Толық емес отбасында тәрбиеленетін балалар, көп жағдайда, өздерін қажетсіз сезініп, жақындарының назарының жетіспеушілігін әртүрлі тәсілдермен өтеуге тырысады. Оның ішінде, қоғамға жат мінез-құлықты таңдайды.

Бүгінде қоғамда «азаматтық неке» сынды отбасы формасы толық емес отбасылар статистикасының көбеюіне ықпал етуде. Мысалы, Ұлыбританияда толық емес отбасылардың шамамен 15%-ы азаматтық неке бұзылғаннан кейін пайда болған [9]. Осы мәселені зерттеп жүрген ғалым С.Сарантакостың пікірінше, азаматтық некеде тәрбиеленіп жатқан балалар толық отбасындағы балаларға қарағанда оқудағы табысы төмен, қаржылық жағынан аз қамтылған әрі эмоционалды проблемалардың зардап шегеді [10].

Сондай-ақ, азаматтық неке ресми некемен салыстырғанда тұрақтылыққа ие емес. Британдық, канадалық, австралиялық ғалымдардың деректеріне сүйенсек, азаматтық неке негізінде құрылған отбасының ажырасу пайызы реми некеден екі есе жоғары болады.

Толық емес отбасылардың ерекше тобын отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты бұзылған отбасылар құрайды. В.А.Юницкийдің пікірінше, мұндай отбасыларды тәрбиеленетін балалардың психологиялық ерекшеліктері басқа толық емес отбасындағы тәрбиеге ұқсамайды. Себебі, бұл отбасындағы балалардың тәрбиесі қайғы-қасіретпен анықталады. Алайда, мұндай отбасындағы балалар ажырасқан отбасындағы балаларға тән психологиялық проблемаларды да бастап кешіреді:

- Эмоционалды қауіпсіздікке соққы;
- Белгілі бір рөлі мен міндеттері бар отбасы мүшелерінің жоғалуына байланысты отбасы тиімділігінің төмендеуі;
- Қалыпты отбасылық модельден ауытқулардың пайда болуы [11, 12].

В.С. Мухина атап өткендей, жалпы толық емес отбасында бала тәрбиесінің бірқатар ерекшеліктері бар. Ата-аналарының бірінің болмауы салдарынан барлық материалдық және тұрмыстық мәселелерді шешу, балаларға тәрбиелік әсер ету тапшылығын толтыру міндеті бір

ғана ата-анаға жүктеледі. Осы міндеттердің барлығын біріктіру қиындық тудырады. Сол себептен толық емес отбасылардың көпшілігі материалдық және тұрмыстық, педагогикалық мәселелерге тап болады [13].

Отбасының құрылымдық толықсыздығы балалардың әртүрлі девиантты мінез-құлқына, оның ішінде алкаголь мен есірткіні қолдануға әкеп соғады. Б.Б. Нусхаевтың зерттеу деректері толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдердің алкаголь өнімдерін жиі тұтынатынын, ал толық отбасынан шыққан жасөспірімдерді бұл деректер аз екенін көрсетеді. Сонымен қатар, автордың зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, толық емес отбасындағы жасөспірімдер қарым-қатынастың орнына жалғыздықты таңдайтыны анықталған (сәйкесінше 18% және 9%). Б.Б. Нусхаев толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдер жеткілікті дамыған қарым-қатынас дағдыларының болмауына байланысты психологиялық жайлылықтың шарты ретінде жалғыздықты жиі таңдайды деп болжайды [14].

А.С. Спиваковская толық емес отбасындағы балалардың мектептегі үлгерісі төмен, невротиклық бұзылулар мен заңсыз мінез-құлыққа бейім деп санайды. Автордың зерттеу нәтижелерінде толық емес отбасындағы балалардың өзін-өзі бағалауы төмен екені, ата-аналарға теріс көзқарас және жыныстық-рөлдік мінез-құлықтың бұзылуы анықталған [15].

Сонымен, толық емес отбасындағы балаларды тәрбиелеу әлеуметтік және жеке факторларға байланысты көптеген психологиялық ерекшеліктермен сипатталатынын атап өтуге болады. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай жағдайда тәрбиелетінін балалар стресстің жоғарылауына, бейімделуді қалыптастыруда біршама қиындықтарға тап болады. Сондай-ақ, баланың жасына және оның жеке басының ерекшеліктеріне байланысты қабылдау мен қиындықтарды жеңуде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Бұл толық емес отбасындағы балалардың психологиялық дамуына әсерін одан әрі зерттеу және осындай отбасыларды қолдау бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Осылайша, толық емес отбасындағы тәрбиенің психологиялық аспектілерін түсіну балалардың өсуі мен дамуы үшін қолайлы орта құрудың маңызды қадамы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – толық емес отбасындағы балалардың тәрбиеленуінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, сонымен қатар ата-аналардың біреуінің болмауы баланың дамуына қалай әсер ететінін талдау. Мақала нәтижесінде толық емес отбасы жағдайында тәрбиеленіп жатқан балаларда қандай әлеуметтік салдарлар мен эмоционалды мәселелер туындауы мүмкін екендігі анықталды, сонымен қатар ата-ананың рөлі мен қолдау факторларды талданды.

Бұл тақырыптың зерттеу теориялық ғана емес, сондай-ақ практикалық маңыздылыққа ие. Себебі, толық емес отбасында тәрбиенің ерекшеліктерін айқындау балалар мінез-құлғын қолдау мен түзетудің тиімді стратегияларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, балалардың дамуы мен әлеуметтенуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі толық емес отбасындағы балалармен жұмыс істейтін мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін әдістерді анықтауға және ерекше назар аударуды қажет ететін жағдайдарда балалардың үйлесімді дамуына ықпал ететін ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу 6-15 жас аралығындағы балалары бар толық емес отбасылар арасында жүргізілді. Мектеп жасындағы және психологиялық білім беру жүзеге асырылған балалар мен олардың ата-аналарынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 100 ата-ана және 100 бала қатысты. Зерттеу үш тәжірибе негізінде жүргізілді

1-тәжірибе – толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық жарақан деңгейін және көрінісін анықтау. Бұл тәжірибені іске асыру үшін Т.М.Ахенбахтың сауалнамасын қолдандық. Бұл тәжірибені іске асыру үшін Т.М.Ахенбахтың сауалнамасын қолдандық. Әдістің негізінде балалардың реттелмеген мінез-құлқын бақылау жүзеге асырылады. Т.М.Ахенбах сауалнамасы бойынша 6-15 жас аралығындағы балалардың мінез-құлқын анықтау үшін ата-аналары жауап береді. Ата-аналар 8 индикатор және 112 тармағы (112 сұрақ) берілген кестені толтырады. Оның ішінде 6 сұрақ «тұйықталу/депрессияға», 9 сұрақ «мазасыздық/депрессияға»,

7 сұрақ «ойлау проблемаларына», 19 сұрақ «әлеуметтік проблемаларға», 11 сұрақ «мінез-құлық бұзылуларына», 19 сұрақ «агрессивті мінез-құлыққа» арналған. Бұл зерттеудегі CBCL (баланың мінез-құлық бақылау тізімі) шкаласының сенімділігі 0,91 құрайды.

Сауалнама нәтижесі 0-ден 2-ге дейінгі шкала бойынша бағаланады. Және 3 деңгейге сәйкес келеді: «сәйкес келмейді», «кейде», «жиі». Ата-аналардың бағалауы негізінде әрбір клиникалық көрініс бойынша жалпы бар және 3 топ бойынша баланың психикалық денсаулығының бастапқы скинингі үшін орташа балла есептеледі. Атап айтқанда, психологиялық жарақатсыз, орташа жағдай, психологиялық жарақат.

Толық емес отбасындағы балалардың психологиялық жарақаттарын анықтау үшін сауалнамаға қатысқан 100 баланың психологиялық жарақаты бар пайыздық үлесін айқындау қажет. Алайда, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан барлық балалар психологиялық жарақат алады деуге болмайды. Сол себептен, психологиялық жарақаты бар балалардың үлесін объективті түрде анықтау үшін көп сатылы зерттеу жүргіздік. Зерттеу келесі кезеңдерді қамтыды:

- Сауалнамаға толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар мен ана-аналарды таңдау үшін оқу орындарымен, ата-аналармен және оқушылармен байланыс орнаттық;

- Сауалнама таңдалған 100 ата-анамен байланыс орнатылып, зерттеу жүргізілгеннен кейін психологиялық ерекшеліктері байланысты үш топқа сәйкес келетін балаларды анықтадық: I топ – психологиялық жарақаты жоқ толық емес отбасында тәрбиеленетін балалар, II топ – орташа жағдайы бар толық емес отбасындағы балалар, III топ – психологиялық жарақаты бар толық емес отбасында тәрбиеленетін балалар.

2 тәжірибе – III топқа жатқызылған (психологиялық жарақаты бар) балалардағы психологиялық жарақаттың себебін анықтау. Яғни балалардағы психологиялық жарақаттың толық емес отбасында өмір сүру салдарынан немесе басқа да әртүрлі себептерге байланысты пайда болғанын зерттеу. Бұл әдіс толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардағы психологиялық травматикалық көріністерді анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнама кезеңдеріне келесідей:

- Сауалнамаға қатысқан 100 респонденттердің арасынан психологиялық жарақаты бар балалар анықталып, тек сол балалар ғана екінші тәжірибеге қатыстырылды;

- Толық емес отбасындағы балалардағы психологиялық жарақаттың көрінісі анықталды: (1) олардың отбасы мен қоғам туралы хабардарлығы арқылы; (2) олардың отбасы мен қоғамға деген сезімдері мен эмоциялары арқылы; (3) олардың отбасы мен қоғамдағы мінез-құлық арқылы.

3 тәжірибе – 2 тәжірибе нәтижесінде психологиялық жарақаты толық емес отбасындағы жағдайларға тікелей байланысты балалардағы отбасылық қарым-қатынасты бағалау. Зерттеу америкалық психологтар Ричард Мосс пен Сюзан Х.Моостың «Отбасылық климат» әдістемесі арқылы жүргізілді. Әдістеме қолдау, қарым-қатынас, қақтығыстар мен мінез-құлыққа қатысты отбасылық атмосфераны бағалайды. Мақсаты – отбасы мүшелерінің эмоционалды әл-ауқатын анықтайтын отбасындағы психологиялық климатты бағалау. Әдістеме 10 шкалаға бөлінген 90 мәлімдемені қамтитын сауалнамадан тұрады. Нәтиже отбасылық қатынастардағы әртүрлі аспектілерді бағалайды: келісім, жанжал, ашықтық, қатысу, жеке автономия, ата-ананың қолдауы, шу, ата-ананың бақылауы, отбасылық интеракция, икемділік.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 80-і әйелдер (80%), ал 20-ы ер адамдар (20%) болды. Респонденттердің жынысы арасындағы статистикалық қатынас өзекті демографиялық көріністі көрсетеді, мұнда қоғамдағы жалғызбасты аналар арасында әйелдердің басым болуы байқалады. Бұл арақатынас әйелдердің балалардың жалғыз қомқоршысы ретінде жиі кездесетін тенденцияларын растайды. Зерттеудің маңызды аспектісі – балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған әйелдермен байланыс орнату оңайырақ болды. Мұндай әйелдер үлкен ашықтық танытады, ана болуы тәжірибесі туралы шынайы және егжей-тегжейлі әңгімелесуге бейім.

Балалардың жынысы бойынша бөлу келесі нәтижелерді көрсетті: респонденттердің жалпы санынан 64 бала (64%) қыздар, ал 46 бала (46%) ұлдар. Бұл осы зерттеуде белгілі бір үлгідегі

ерекше демографиялық немесе әлеуметтік ерекшеліктерді көрсете алатын қыздардың кейбір басымдықтары бар екенін көрсетеді, дегенмен шағын топтардағы мұндай айырмашылықтар кездейсоқ болуы мүмкін.

Зерттеуге қатысқан балалар білім деңгейіне байланысты екі топқа бөлінді. Оның ішінде 45 бала (45%) бастауыш сыныптарда, ал 55 бала (55%) орта сыныптарда оқиды. Бұл бөлу балалардың білім берудің қай кезеңінде және олардың жас санатына байланысты қандай даму ерекшеліктері болуы мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Балалардың отбасылық жағдайына келетін болсақ, зерттеуге қатысқан 100 адамның 75-і (75%) ата-анасы ажырасу процесінен өткен отбасыларда тәрбиеленеді. Бұл басым көпшілікті құрайды және аймақтағы ажырасудың жоғары тенденциясын растайды. Қалған 25 бала (25%) ата-анасының бірі қайтыс болған немесе ата-анасы ресми некеде болмаған отбасылардан, бұл әлеуметтік-демографиялық өзгерістердің маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл деректер Қазақстанда ажырасу санының артуын тіркейтін жалпы статистикаға сәйкес келеді, сондай-ақ осындай жағдайларда өсіп келе жатқан балалар үшін ықтимал салдарларды көрсетеді.

Ата-аналар мен балалардың жеке деректері туралы ақпарат алынғанна кейін, 2 тәжірибе негізінде зерттеу жүргізілді.

1-тәжірибе – толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық жарақан деңгейін және көрінісін анықтау.

Толық емес отбасындағы балалардың психологиялық жарақатын анықтау 100 ата-ананың 112 тармақ бойынша сұрақтарға жауап беруімен анықталды. Нәтиже 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Балалардағы психологиялық жарақат нәтижелері

Балалардағы психологиялық жарақат скринингі	Саны	%
Психологиялық жарақат жоқ	53	53%
Орташа жағдай	30	30%
Психологиялық жарақат бар	17	17%
Барлығы	100	100

1-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, зерттеуге қатысқан 100 баланың ішінде 53 баланың (53%) психологиялық жарақаттары жоқ. Бұл үлгіге түскен балалардың көпшілігінде байқалатын немесе айқын психоэмоционалды бұзылулар жоқ дегенді білдіреді, бұл олардың тұрақты психологиялық жағдайы мен қолайлы даму жағдайларын көрсетеді.

Алайда 30 балада (30%) орташа жарақат анықталды. Бұл деңгей балаларда назар аударуды қажет ететін, бірақ сыни немесе ауыр түрде көрінбейтін белгілі бір психоэмоционалды проблемалар бар деп болжайды. Мұндай жарақаттар әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін, соның ішінде отбасылық мәселелер, мектептегі қиындықтар немесе балалардың психикасында айтарлықтай қалдыратын басқа да эмоционалды, стресттік оқиғалардың көрінісі болуы мүмкін.

Сонымен қатар, 17 баланың (17%) ауыр психологиялық жарақаттары бар, бұл олардың терең психоэмоционалды бұзылыстары бар екенін көрсетеді. Бұл жарақаттар балалардың өміріндегі ауыр оқиғалардың нәтижесі болып табылады. Мысалы, жақындарынан айырылу, зорлық-зомбылық немесе олардың психикасында елеулі із қалдырған басқа стресттік жағдайлар. Бұл көрсеткіш ауыр эмоционалды тәжірибесі бар балаларға мұқият қараудың маңыздылығын, сондай-ақ оларға кәсіби көмек пен қолдау көрсету қажеттілігін көрсетеді.

2 тәжірибе – III топқа жатқызылған (психологиялық жарақаты бар) балалардағы психологиялық жарақаттың себебін анықтау.

1-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, толық емес отбасыдан шыққан 100 баланың 17-і «психологиялық жарақат» тобына жатқызылған. Бұл балалар тереңірек талдау үшін таңдалды. Себебі психологиялық жарақаттардың болуы олардың толық емес отбасындағы өмірінің

ерекшеліктеріне байланысты болуы ықтимал. Осы 17 баланың психологиялық жарақаттарының нақты себептерін анықтау үшін қосымша сауалнама жүргізілді. Оның мақсаты толық емес отбасы жағдайында тәрбиеге байланысты факторларды зерттеу болды.

Сауалнама сұрақтары балалар өмірінің әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде ата-аналармен қарым-қатынасқа, олардың біреуінің болмауы туралы тәжірибеге, сондай-ақ отбасылық жағдайларға эмоционалды реакцияларға қатысты болды. Жарақаттардың болуы толық емес отбасында өмір сүру ерекшеліктерімен байланысты ма, жоқ па екендігін анықтау үшін келесі критерий қолданылғанын ескеру маңызды: егер балалар ұсынылған сұрақтардың кем дегенде 7-не «ешқашан» немесе «сирек» деп жауап берсе, бұл психологиялық жарақат дәл толық емес отбасы өмір сүру нәтижесінде пайда болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл тәсіл баланың эмоционалды жағдайына үлкен әсер етуі мүмкін отбасылық өмірдің аспектілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Алайда, егер сұрақтардың кем дегенде біреуіне «жиі» немесе «өте жиі» деген жауап берілсе, бұл психологиялық жарақаттардың ықтимал қосымша себептерін нақтылау үшін қосымша зерттеулер жүргізу керек дегенді білдіреді. Мұндай жағдайларда баланың психоэмоционалды жағдайына әсер етуі мүмкін отбасылық қақтығыстар, экономикалық қиындықтар, зорлық-зомбылық немесе басқа стресстік оқиғалар сынды басқа факторлардың рөлі ескерілуі мүмкін.

Бұл әдіс толық емес отбасындағы өмірдің балалардың психологиялық жағдайына әсер ету дәрежесін дәлірек және объективті түрде анықтауға, сонымен қатар мамандардың қосымша назары мен араласуын қажет ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді (2-кесте).

Кесте 2 – Балалардағы психологиялық жарақаттың себептерін анықтау нәтижелері

Мазмұны	Нұсқалар	Денгей				
		Ешқашан	Сирек	Қалыпты	Жиі	Өте жиі
Жол-көлік оқиғасы	1. Жол-көлік оқиғасы орын алды	13	3	1	0	0
	2. Жақындарының жол-көлік оқиғасына түскенін көрді	13	2	2	0	0
	3. Бейтаныс адамдардың жол-көлік оқиғасына түскенін көрді	13	3	1	0	0
Басқа апаттар (суға бату, электр тогының соғуы, қатты құлау)	4. Апатқа ұшырады	13	2	1	1	0
	5. Жақындарының апатқа ұшырауына куә болды	13	1	0	3	0
	6. Бейтаныс адамдардың апатқа ұшырауына куә болды	16	0	0	1	0
Табиғи апаттар (құрғақшылық, су тасқыны, т.б.)	7. Табиғи апаттардан зардап шекті	14	2	1	0	0
	8. Жақындарының табиғи апаттан зардап шеккеніне куә болды	17	0	0	0	0
	9. Бейтаныс адамдардың табиғи апаттан зардап шеккеніне куә болды	17	0	0	0	0
Зорлық-зомбылық (физикалық, психикалық)	10. Зорлық-зомбылыққа ұшырады	13	0	0	3	1
	11. Жақындарының зорлық-зомбылыққа ұшырағанын көрді	13	0	0	3	1
	12. Бейтаныс	15	0	0	2	0

	адамдардың зорлық-зомбылыққа ұшырағанын көрді					
Жыныстық зорлық-зомбылық	13. Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырады	16	0	0	1	0
	14. Жақындарының жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағанын көрді	17	0	0	0	0
	15. Бейтаныс адамдардың жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағанын көрді	17	0	0	0	0
Жақындарынан айырылу	16. Жақындарынан айырылудан зардап шекті	16	0	0	1	0
Басқа да маңызды оқиға	17. Көрсетіңіз	0	0	0	0	0

2-кестеде келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, балалардың көпшілігі (9-10 бала) толық емес отбасында өмір сүруге байланысты тәжірибелеріне қатысты сұрақтарға «ешқашан» немесе «сирек» жауаптарын таңдады. Бұл осы балалардың психологиялық жарақаттары мен оларды тәрбиелеу жағдайлары арасындағы байланыстың маңызды көрсеткіші. Ата-аналардың біреуінің болмауы немесе отбасылық қатынастардағы тұрақсыздық балалардағы эмоционалды жарақаттардың пайда болуына және дамуына ықпал ететін маңызды факторларды құрауы ықтимал. Бұл деректер толық емес отбасындағы өмір сүру жағдайлары баланың психоэмоционалды жағдайына айтарлықтай әсер ететінін және травматикалық тәжірибенің негізгі себептерінің бірі болуы мүмкін екенін растайды.

Сонымен қатар, кестеде психологиялық жарақат алған 17 баланың арасында бірнеше маңызды жағдайлар келтірілген. Бұл жағдайларда «жиі» және «өте жиі» жауаптар бар, бұл әрдайым отбасылық жағдайға тікелей байланысты емес, бірақ баланың эмоционалды денсаулығына қатты әсер ететін факторлардың болуын көрсетеді. Атап айтқанда, бұл жағдайларда келесі жағдайлар байқалды:

- 1 жағдай – апатқа ұшырау;
- 3 жағдай – жақындарының апатқа ұшырауының куәсі болуы;
- 1 жағдай – бейтаныс адамдардың апатқа ұшырауының куәсі болуы;
- 4 жағдай – зорлық-зомбылық жағдайлары;
- 4 жағдай – жақындарына қатысты зорлық-зомбылықтың куәсі;
- 2 жағдай – бейтаныс адамға қатысты зорлық-зомбылықтың куәсі;
- 1 жағдай – жыныстық зорлық-зомбылық;
- 1 жағдай – жақындарынан айырылу.

Психологиялық жарақаттары бар 17 баланың 4-і бірнеше факторларға байланысты жарақат алатыны анықталды. Бұл психоэмоционалды бұзылуларға әкелетін себептердің қабаттасуын көрсетеді. Мұндай жағдайларда баланың психикасына қандай оқиғалар немесе жағдайлар көбірек әсер ететін және тиімді көрмек көрсету үшін не істеуге болатынын түсіну үшін егжей-тегжейлі зерттеу қажет.

3 тәжірибе – 2 тәжірибе нәтижесінде психологиялық жарақаты толық емес отбасындағы жағдайларға тікелей байланысты балалардағы отбасылық қарым-қатынасты бағалау. Жоғарыдағы тәжірибелерден психологиялық жарақат алған 17 баланың 13-і толық емес отбасымен тікелей байланысты екені анықталды. 3-кестеде осы балалардың отбасылық қатынастардың әртүрлі аспектілерін бағалайтын негізгі шкалалар бойынша алған ұпайлары көрсетілді. Әрбір шкала ұпайлар ұсынылады және тереңірек талдау үшін отбасылық өмірдің қай аспектілері

балалардың психоэмоционалды жағдайына көбірек әсер ететінін түсіну үшін осы деректерді тереңірек талдауға болады.

Нәтижелерді түсіндіру:

Келісім: ұпайлар неғұрлым жоғары болса, отбасы ішіндегі қарым-қатынаста келісім мен үйлесімділік соғұрлым жоғары болады. Толық емес отбасылардағы балалар үшін төмен балл қалған ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынаста қиындықтардың болуын көрсетеді.

Жанжал: жанжал шкаласындағы жоғары ұпайлар ата-аналардың бірі стресс пен шиеленісті сезіну мүмкін толық емес отбасыларға тән тұлғааралық қайшылықтардың болуын көрсетеді.

Ашықтық: ашықтық шкаласы отбасы мүшелерінің өз ойлары мен сезімдерін қаншалықты белсенді және адал бөлісетінін көрсетеді. Бұл шкала бойынша төмен балл отбасындағы қарым-қатынастың жоқтығын көрсетеді. Бұл балаларда стресстің жоғарылуына әкелуі мүмкін.

Қатысу: бұл шкала бойынша ұпайлар әрбір отбасы мүшесінің басқалардың өміріне қаншалықты белсенді қатысатынын көрсетеді. Жоғары ұпайлар қолдау мен назар аударуда, төмен ұпайлар оқшаулануды көрсетеді, бұл көбінесе толық емес отбасыларға тән.

Жеке автономия: шкала бойынша жоғары ұпайлар отбасында балалардың тәуелсіздігі мен өз бетінше шешім қабылдау қабілеті бағаланатынын көрсетеді. Төмен ұпайлар шамадан тыс бақылауды немесе, керісінше, дұрыс назардың жоқтығын байқатады.

Ата-ананың қолдауы: ата-аналардың эмоционалды қолдауын бағалайтын маңызды шкала. Төмен ұпайлар ата-аналардың балаға қажетті эмоционалды қолдау көрсете алмайтындығын анықтайды.

Шу: бұл шкаладағы жоғары ұпайлар отбасындағы стресстік атмосфераны көрсетеді, бұл балалардың психоэмоционалды денсаулығына теріс әсер етеді.

Ата-ананың бақылауы: ата-аналардың балаларға жүргізетін бақылау дәрежесін көрсететін шкала. Бақылаудың жоғары деңгейі балалардағы тәуелсіздіктің дамуын шектеуді, бұл нәтижелерді талдау кезінде ескеру қажет.

Отбасылық интеракция: жоғары ұпайлар отбасындағы мүшелер арасында белсенді өзара әрекеттесу бар екенін білдіреді. Бұл салауатты қарым-қатынасты дамытады. Төмен ұпайлар баланың әлеуметтік оқшаулануын көрсетеді.

Икемділік: бұл шкала отбасының өзгерістерге бейімделу қабілетін анықтайды. Икемділіктің жоғары деңгейі отбасына қиын жағдайларды, соның ішінде ажырасы сынды дағдарыстық өзгерістерді тиімді шешуге көмексетеді.

Кесте 3 – Балалардың отбасылық климатын бағалау

№	Балалар (жасы)	Келісім	Жанжал	Ашықтық	Қатысу	Жеке автономия	Ата-ананың қолдауы	Шу	Ата-ананың бақылауы	Отбасылық интеракция	Икемділік	Отбасылық климатты бағалау
1	9 жас (ұл)	30	50	35	40	55	30	60	40	45	50	төмен
2	8 жас (қыз)	40	45	40	35	50	45	55	40	50	60	орташа
3	10 жас (ұл)	45	60	50	45	60	55	50	50	60	70	төмен
4	7 жас (қыз)	50	35	55	60	45	50	40	45	55	65	жоғары
5	11 жас (ұл)	40	55	45	40	50	35	60	45	50	55	орташа
6	9 жас (қыз)	30	65	40	50	55	45	50	55	45	60	төмен
7	12 жас (ұл)	55	40	60	50	55	10	55	50	50	70	жоғары
8	10 жас (қыз)	45	50	55	40	60	50	50	45	50	60	орташа
9	8 жас (қыз)	50	50	50	50	45	40	55	50	55	65	орташа
10	11 жас (қыз)	35	60	40	45	50	50	60	50	55	60	төмен
11	9 жас (ұл)	40	45	50	45	55	45	55	45	55	65	орташа
12	10 жас (қыз)	50	50	55	55	50	45	50	45	50	60	орташа
13	8 жас (ұл)	45	55	50	40	50	50	55	55	50	65	орташа

Әр шкала бойынша ұпайлар негізінде отбасылық климаттың жалпы бағалау индекcін жасауға болады:

Жоғары отбасылық климат 2 балада тіркелді (№4, №7), бұл үйлесімді отбасылық қатынастарды, қолдаудың болуын және жанжалдық төмен деңгейін көрсетеді. Бұл отбасылар қарым-қатынастың ашықтығымен, әр отбасы мүшесінің басқалардың өміріне белсенді қатысуымен, сонымен қатар қиындықтарды жеңе білуімен сипатталады. Мұндай отбасылардың балалары өздерін қауіпсіз сезінеді, ата-аналарының эмоционалды қолдауына ие және қарым-қатынаста сенімділікке ие.

Орташа отбасылық климат 6 баланың отбасыларында байқалды (№2, №3, №8, №9, №11, №12, №13). Бұл отбасыларды қақтығыстардың орташа саны, сондай-ақ ата-аналардың қолдауы мен қатысуы шектеулі. Осыған қарамастан, мұндай отбасылар қарым-қатынаста негізгі үйлесімділікті сақтау алады. Бұл балаларға қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Дегенмен, қарым-қатынаста немесе эмоционалды қолдауда белгілі бір проблемалар бар, бұл қосымша назар аударуды және отбасымен жұмыс істеуді қажет етеді.

Төмен отбасылық климат 3 балада анықталды (№1, №3, №6). Бұл отбасыларда жанжалдардың жоғары деңгейі, қолдаудың төмендігі және қарым-қатынастың шектеулі ашықтығы басым. Мұндай отбасылардағы балалар эмоционалды күйзеліске ұшырайды және бейімделуі қиын. Бұл олардың психоэмоционалды жағдайына теріс әсер етуі ықтимал. Мұндай жағдайларды жанжалды азайтуға және отбасы мүшелері арасындағы түсіністікті жақсартуға бағытталған араласулар қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ. Қорытындылай келе, сауалнама қатысқан толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың 17%-ы психологиялық жарақат алатыны анықталды. Олардың 23,5%-ы психологиялық жарақатты басқа себептерге байланысты алған. Мысалы, жолдағы жазатайым оқиғалар, апаттар, зорлық-зомбылық және т.б. Ал 76,5%-ның (13 бала) жарақаты толық емес отбасындағы факторлармен тікелей байланысты. Бұл балалардағы жарақаттың нақты себепін анықтау үшін «отбасылық климат» әдістемесі қолданылып, нәтижесінде. 2 жағдайда ғана (4, 7 балалар үшін) отбасылық климат жоғары деп бағаланады. Бірақ оларда үйлесімді қарым-қатынас, жоғары қолдау мен жанжалдың төмен деңгейі байқалады. Ал басқа балаларда отбасылық климат орташа немесе төмен, бұл жанжалдың жоғары деңгейі, қолдаудың төмендігі немесе қарым-қатынастағы қиындықтар сияқты отбасылық қатынастардағы проблемаларды көрсетеді.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе толық емес отбасындағы балаларды тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар екенін растауға болады. Мұндай жағдайда тәрбиеленіп жатқан балалар ата-анасының біреуінің болмауына байланысты эмоционалды қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл қалған ата-анадан ерекше назар аударуды және қолдауды талап етеді.

Айта кету керек, тұрақты қарым-қатынас, ашық қарым-қатынас және қоршаған ортаның қолдауы болған кезде, мұндай балалар сәтті дамып, өмірлік қиындықтарға бейімделе алады. Қауіпсіз және сүйіспеншілікке толы атмосфераны құру, сонымен қатар баланың эмоционалды жағдайына назар аудары олардың дамуында шешуші рөл атқарады.

Осылайша, толық емес отбасындағы тәрбиенің психологиялық аспектілері мен ерекшеліктерін түсіну ата-аналар мен мамандарға балаларды эмоционалды және әлеуметтік дамуында тиімдірек қолдауға мүмкіндік береді, оларға қиындықтарды жеңуге және үйлесімділікке қол жеткізуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Reczek C., Spiker R., Liu H., Crosnoe R. Family structure and child health: Does the sex composition of parent's matter? // *Demography*. – 2016. – Vol. 53, No 5. – P. 1605-1630. <https://doi.org/10.1007/s13524-016-0501-y>

2. Bzostek S.H., Berger L.M. Family structure experiences and child socioemotional development during the first nine years of life: Examining heterogeneity by family structure at birth // *Demography*. – 2017. – Vol. 54. No 2. – P. 513-540. <https://doi.org/10.1007/s13524-017-0563-5>
3. Dinisman T., Andresen S., Montserrat C., Strozyk D., Stozik T. Family structure and family relationship from the child well-being perspective: Findings from comparative analysis // *Children and Youth Services Review*. – 2017. – Vol. 80. – P. 105-115. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2017.06.064>
4. [Tengrinews.kz](https://tengrinews.kz). Сколько в Казахстане одиноких матери и отцов // [Tengrinews.kz](https://tengrinews.kz). – 2024. [Электронный ресурс]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-v-kazahstane-odinokih-materey-i-ottsov-517902/ (дата обращения 01.11.2024).
5. Самба А.Д., Голиусова Ю.В., Демидов А.А., Ананьева К.И., Ондар Н.Д. Социологический портрет неполной семьи в Республике Тыва // *The New Research of Tuva*. – 2024. – Т. 1, № 1. – С. 25-40.
6. Barron S. Amilias monoparentales: un ejercicio de clarificacion conceptual y sociologica // *Revista del Ministerio de trabajo y asuntos sociales*. – Espana, 2002. – № 40. – P. 13-30.
7. Насурова З.А., Ибрагимова Т.В. Социально-психологические особенности детей из неполных семей // *Известия Чеченского государственного университета*. – 2020. – С. 48-67.
8. Сысенко В.А. Супружеские конфликты. – М.: Этика, 2003. – 149 с.
9. Meltzer H. Mental Health of Children and Adolescents in Great Britain // *Office for National Statistics*. – London: The Stationery Office, 2000. – С. 1-99.
10. Sarantakos S. Children in three contexts: family, education and social development / S. Sarantakos // *Children Australia*. – 1996. – Vol. 21, No. 3. – P. 289-312.
11. Morgan P. Marriage-Lite: The Rise of Cohabitation and its Consequences // *The Institute for the Study of Civil Society*. – Great Britain, 2000. – P. 116-128.
12. Овчарова Р.В. Психология родительства: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2005. – 368 с.
13. Мухина В.С. Детская психология: учебное пособие. – 2-е изд. – Москва: ООО Апрель Пресс, 2000. – 352 с.
14. Нусхаев Б. Особенности социализации детей в неполной семье // *Социальная педагогика*. – М.: Народное образование. – 2005. – № 2. – С. 63-66.
15. Спиваковская А.С. Психотерапия: игра, детство, семья. Т.2. — М.: ЭКСМО-Пресс, 2000. – 464 с.

References:

1. Reczek C., Spiker R., Liu H., Crosnoe R. Family structure and child health: Does the sex composition of parent's matter? // *Demography*. – 2016. – Vol. 53, No 5. – P. 1605-1630. <https://doi.org/10.1007/s13524-016-0501-y>
2. Bzostek S.H., Berger L.M. Family structure experiences and child socioemotional development during the first nine years of life: Examining heterogeneity by family structure at birth // *Demography*. – 2017. – Vol. 54. No 2. – P. 513-540. <https://doi.org/10.1007/s13524-017-0563-5>
3. Dinisman T., Andresen S., Montserrat C., Strozyk D., Stozik T. Family structure and family relationship from the child well-being perspective: Findings from comparative analysis // *Children and Youth Services Review*. – 2017. – Vol. 80. – P. 105-115. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2017.06.064>
4. [Tengrinews.kz](https://tengrinews.kz). How many single mothers and fathers are there in Kazakhstan // [Tengrinews.kz](https://tengrinews.kz). – 2024. [Electronic resource]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-v-kazahstane-odinokih-materey-i-ottsov-517902/ (дата обращения 01.11.2024).
5. Samba A.D., Goliusova Yu.V., Demidov A.A., Ananieva K.I., Ondar N.D. A sociological portrait of an incomplete family in the Republic of Tyva // *The New Research of Tuva*. – 2024. – Т. 1, № 1. – С. 25-40.

6. Barron S. *Amilias monoparentales: un ejercicio de clarificacion conceptual y sociologica* // *Revista del Ministerio de trabajo y asuntos sociales*. – Espana, 2002. – № 40. – P. 13-30.
7. Nasurova Z.A., Ibragimova T.V. *Social and psychological characteristics of children from single-parent families* // *News of the Chechen State University*. – 2020. – P. 48-67.
8. Sysenko V.A. *Marital conflicts*. – M.: *Ethics*, 2003. – 149 p.
9. Meltzer H. *Mental Health of Children and Adolescents in Great Britain* // *Office for National Statistics*. – London: *The Stationery Office*, 2000. – C. 1-99.
10. Sarantakos S. *Children in three contexts: family, education and social development* / S. Sarantakos // *Children Australia*. – 1996. – Vol. 21, No. 3. – P. 289-312.
11. Morgan P. *Marriage-Lite: The Rise of Cohabitation and its Consequences* // *The Institute for the Study of Civil Society*. – Great Britain, 2000. – P. 116-128.
12. Ovcharova R.V. *Psychology of parenting: textbook. manual for higher students textbook establishments*. – M.: *Academy*, 2005. – 368 p.
13. Mukhina V.S. *Child psychology: textbook*. – 2nd ed. – Moscow: *April Press LLC*, 2000. – 352 p.
14. Nuskhaev B. *Features of socialization of children in single-parent families* // *Social pedagogy*. – M.: *Public education*. – 2005. – No. 2. – P. 63-66.
15. Spivakovskaya A.S. *Psychotherapy: play, childhood, family. T.2*. – M.: *EKSMO-Press*, 2000. – 464 p.